

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық




Фритюр

FR 3390

Мазмұны

Аспап бөлшектерін шолу.....бет.	3
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....бет.	4
Техникалық деректер.....бет.	7

Аспап бөлшектерін шолу



Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқаулар

Аспапты пайдаланбас бұрын беріліп отырған пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығып, оны кепілдік талонымен, касса чегімен және мүмкіндігіне қарай қаптау материалы бар картон қорабымен бірге сенімді жерде сақтау керек. Аспапты басқа адамның қолдануына берген кезде міндетті түрде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қоса беріңіз.

- Аспапты тек жеке қолданыста және мақсатына сай пайдаланыңыз. Аспап коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Аспапты ашық аспан астында пайдалануға болмайды. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен ылғалдан (суға батырушы болмаңыз) және өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Аспап ылғалданса немесе оған су кіріп кетсе бірден ашаны розеткадан суырыңыз.

- Пайдаланып болған соң, керек-жарақтарын орнату, аспапты тазалау немесе аспаптың бұзылуы кезінде ашаны әрдайым розеткадан суырып қойыңыз (кабельден емес, ашадан ұстап тартыңыз).
- Қосулы электр аспаптарын қараусыз қалдыруға **болмайды**.
Бөлмеден шығар кезде аспапты үнемі өшіріп жүріңіз. Розеткадан штекерді суырыңыз.
- Аспапта және желі қуат көзінің кабелінде зақымдалған жерлердің бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп тұру керек.
Зақымдалған жерлері бар болса, аспапты пайдалануға тыйым салынады.
- Ешбір жағдайда аспапты өз бетіңізше жөндемеңіз, тиісті рұқсаты бар маман көмегіне жүгініңіз. Қауіпсіздік тұрғысынан желі кабелін дәл сондайға өндіруші зауыт, біздің сервистік шеберхана немесе тиісті білікті маман ауыстыруы тиіс.
- Тек түпнұсқа бөлшектер пайдаланыңыз..
- Төмендегі „Арнайы қауіпсіздік техникасы нұсқауларын“ сақтаңыз.

Балалар мен бақылауды қажет ететін адамдар

- Балалар қауіпсіздігі тұрғысынан қаптаманы (пластик қапшық, картон, пенопласт) қараусыз қалдырмаңыз.



ЕСКЕРТУ!

**Балаларға полиэтилен үлдірмен ойнауына рұқсат етпеңіз.
тұншығып қалу қаупі бар!**

- Бұл аспапты сезу және ақыл-ой қабілеті шектеулі жандар (соның ішінде балалар) пайдалана алмайды, тек ол адамдар басқа адамдардың қадағалауында болғанда немесе құрылғыны нұсқау алған жағдайда қолдана алады.
- Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз.

Осы пайдаланушы нұсқаулығында қолданылатын таңбалар

Сіздің қауіпсіздігіңізді қамамасыз ететін маңызды ұсыныстар ерекше белгіленіп көрсетілген. Оқыс жағдайлар мен бұйымның бұзылуына жол бермес үшін міндетті түрде осы ұсыныстарды сақтаңыз:



ЕСКЕРТУ:

Денсаулыққа төнетін қауіп пен жарақат алу қатері туралы ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Бұйым мен оның айналасындағы басқа заттарға келуі ықтимал қауіпті көрсетеді.



ЕСКЕРТПЕ:

Кеңестер мен ақпарат береді.

Осы аспапқа арналған қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы нұсқаулар



ЕСКЕРТУ:

Қызып кеткен майлар тұтанып кетуі мүмкін. Абай болыңыз! Құрылғыны пайдаланып болған соң сөндіруді ұмытпаңыз! Ол үшін алдымен термостатты төменгі мәнге қойыңыз. Құрылғыны ажыратқышпен өшіріп, одан кейін электр қуатының сым ашасын розеткадан суырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:



Тоң май мен сұйық май қоспаларынан көбік шығуы мүмкін. Себебі май қатты шашырауы мүмкін. Сондай-ақ сұйық май мен тоң майлардың әртүрлі сұрыптарын да бір бірімен араластыру өте қауіпті!

- Ешбір жағдайда майға су құюшы болмаңыз!
- Фритюр ішіндегісі жанса оны сумен өшіруші болмаңыз. Фритюрді қақпақпен жабыңыз. Жалын ошағын ылғал шүберекпен сөндіріңіз.
- Сұйық/ыстық майы бар ыдысты қозғалтушы және жылжытушы болмаңыз.
- Жұмыс барысында фритюр қақпағы (1) жабық тұруы керек.
- Себетті толтыру үшін оны фритюр ішінен алып шығыңыз, әйтпесе май шашырауы ықтимал.
- Фритюр ішінде қуыру үшін әрдайым фритюр себетін пайдаланыңыз.
- Аспапты пайдаланар кезде сағаты бар немесе телемеханикалық жүйесі бар тасымалы ажыратқышты қолданбаңыз.

Аспап бөлшектерін шолу

- 1 Қақпақ (алынбалы)
- 2 Қарайтын терезе
- 3 Сүзгі қорабы
- 4 Конденсат табандығы
- 5 Фритюр майының ыдысы
- 6 Корпус

- 7 Қақпақ ашу түймесі
- 8 Температура реттегіші
- 9 Ажыратқыш
- 10 HEATING - температура бақылау шамы
- 11 POWER - Желі жарық индикаторы
- 12 Фритюр себетін түсіру себеті
- 13 Тұтқа
- 14 Фритюр себеті

Кіріспе

Фритюр реттелетін термостатпен жабдықталған, осылайша қуыруға арналған өнімнің ерекшелігіне сай температураны таңдауға болады.

Мақсаты бойынша пайдалану

Бұл аспап азық-түлік өнімдерін фритюрде қуыруға арналған.

Ол тек осы мақсатқа арналған және тек осы үшін пайдаланылады. Оны тек пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей ғана қолдану керек. Аспапты өнеркәсіптік салада пайдалануға құқығыңыз жоқ.

Кез келген басқаша пайдалану мақсатсыз пайдалану болып саналады және материалдық шығынға немесе тіпті дене жарақатына алып келуі ықтимал.

Clatronic International GmbH мақсатсыз пайдалану салдарынан келген зиян үшін жауапты емес.

Жұмысқа дайындық

Бірінші рет қосар алдында

1. Қаптаманы алып тастаңыз. Түймені (7) басып фритюрді ашыңыз. Фритюр ішінде фритюр себеті бар.
2. Қақпақты, корпусты, фритюр ыдысын және қорабын "Тазалау" тарауында көрсетілгендей тазалау керек.

Электр желі

- Үтікң қуат көзінің кернеуі (ондағы кестені қараңыз) үйіңздегі желі кернеуіне сай келетінін тексеріңіз.
- Желі штекерін ұйғарымдарға сай орнатылған қорғаныс контактілері бар 230 В ~ 50 Гц штепсельдік розеткаға сұғыңыз.

Тұтынатын қуаты

Аспап жалпы 1800 ваттқа дейінгі қуатты тұтынуы мүмкін. Мұндай жүктемені бөлек электр сым арқылы қосуға кеңес беріледі, оның 16 А электр тогына ажырату автоматымен және ток қорғау құрылғысымен жабдықталған.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАЙТА ЖҮКТЕУ!

- Ұзартқыш кабельдерді пайдаланғанда кабельдің көлденең қимасы минимум 1,5 мм² болуы керек.
- Тармақталған штепсельдік розеткаларды қолданбаңыз, себебі осы аспаптың қуаты тым жоғары.

Пайдалану нұсқаулары

1. Майдағы тамақ қалдықтарын алып тастап отырыңыз (мысалы картоп таяқшаларын). Көп рет пайдаланылған майды ауыстыру керек.

Бұл үшін тек жоғары сапалы майларды пайдаланыңыз.

2. Пайдаланылатын майлар жоғары температурада қолданылатын болуы шарт. Фритюрде қуыру үшін сапасы жоғары майды және сұйық майды пайдаланыңыз. Маргарин, зәйтүн немесе сары май қолданушы болмаңыз. Майдың бұл сұрыптары фритюрге сай келмейді, себебі олар төмен температураның өзінде түтіндей бастайды.

Фритюрге арналған сұйық май пайдалануға кеңес береміз.



ЕСКЕРТУ:

Фритюрде тоңмайды қолданғыңыз келсе ең маңызды қағиданы ұстаныңыз!

Егер фритюрде тоңмайды пайдаланғыңыз келсе, оны екі кішкентай бөлікке бөліңіз. Термостатты ең төменгі температураға орнатып, тоңмай бөліктерін фритюрге ақырын салыңыз. тоңмай еріп, қажеті деңгейге жеткенде термостатты қажетті температураға қосыңыз.

Тоңмайды фритюр қорабына салушы болмаңыз!

3. Құрамында крахмалы бар азық-түлікті (картоп, жарма) қуыру кезінде ондағы акриламидтің түзілуін минималды деңгейде ұстап тұру үшін температураны 170° С (қосым. 175° С) асырмаған жөн. Әрі қарай қуыру уақытын барынша қысқартып, сары түске шейін барынша қуыру керек.
4. Қолайлы температураны орнатыңыз, міндетті түрде азық-түлік ерекшеліктерін ескеріңіз. Бейімделу үшін мынадай қағиданы қолданған жөн: фритюрде алдын ала қуырылған өнімдерді қайта қуыру үшін, шикі өнімдерге қарағанда жоғары температура қажет болады.
5. Май әлі де ыстық болса, фритюрді қозғалтпаңыз да жылжытпаңыз.
6. Майға қамыр өнімін салмас бұрын, міндетті түрде артық шығып тұрған қамырды кесіп алып тастаңыз.

7. Фритюр себетін максимум 2/3 ыдысына толтыруға болады. Фритюр себетін асыра толтырмаңыз.
8. Ылғал өнімдерді майлықпен кептіріңкіреп алу керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Қатты ылғалданған азық-түлік өнімдері (мысалы: мұздатылған картоп таяқшасы) көп көбік түзеді, одан әрі май қайнап таусылуы мүмкін.

9. Фритюрмен жұмыс істеп болған соң ашаны розеткадан суырыңыз.
10. Фритюр кенеттен майсыз қосылып кетсе, күйіп кетуден қорғау жүйесі іске автоматты түрде қосылады. Осыдан кейін бірнеше уақыт бойы қосылмай, жұмысқа дайын болмай тұрады. Розеткадан ашаны суырыңыз.

Аспаппен жұмыс істеу тәртібі

1. Аспап желіден ажыратылып, сөніп тұрғанын тексеріп алыңыз (Бақылау шамдары жанбайды).
2. Түймені (7) басып фритюрді ашыңыз.
3. Себетті шығару үшін ойықтағы тұтқадан (13) ұстап, бекітілгенше тартыңыз.
4. Фритюр қорабын ашып, фритюр ыдысына май немесе тоңмай құйыңыз (максимум 2,0 л). май деңгейі "Min" және "Max" деңгейінде тұруы керек..
5. Желі ашасын 230 В, 50 Гц желі кернеуі бар розеткаға салыңыз, ол қорғаныс және ұйғарымдарға сай орнатылған контактілерімен жабдықталған.
6. Құрылғыны ажыратқышпен (I) қосыңыз. POWER қуат индикаторы жанады.
7. Температура реттегішінің (8) көмегімен қажетті температураны орнатыңыз. Температура реттегішінің HEATING индикаторы жанады. Қыздыру кезінде қақпақ жабық тұруы керек.

ЕСКЕРТПЕ:

Орнатылған температура өз шегіне жеткенде HEATING бақылау шамы сөнеді. Желінің жарық индикаторы жанып тұрады да аспаптың дайын екенін білдіреді.

8. Фритюр себетіне өнім салыңыз, бұл кезде салынған өнім ыстық май деңгейінен аспауы керек. Енді қақпақты ашып, өнім салынған фритюр себетін бағытауыштарға абайлап орнатыңыз.
9. Қақпақты жабыңыз. Тұтқаны блоктан шығарыңыз (тұтқадағы түймені (12) жылжыту арқылы). Фритюр себеті енді ыстық май ішінде тұр.

ЕСКЕРТПЕ:

- Фритюр жұмыс істеп тұрғанда HEATING бақылау шамы бірнеше рет қосылып, қайта өшеді. Бұл қалыпты жағдай және температураны термостат бақылап ұстап тұр дегенді білдіреді.
- Фритюрде дайындау уақытын өнім қаптамасында немесе рецепте беріледі.

10. Пісіріп болған соң майды өнімнен сорғытып алу керек. Мұны істеу үшін ойыққа дейін жетіп, тұтқаны (13) жоғары қарай бекітілгенше тартыңыз. Бұл себетті көтереді.

11. Қақпақты абайлап ашыңыз.



ЕСКЕРТУ:

Ыстық бу атқылауы мүмкін!

12. Фритюр себетін шығарып алыңыз.

ЖҰМЫС СОҢЫ

- Температура реттегішін минималды мәнге (0) орнатыңыз.
- Құрылғыны ажыратқыштан (O) өшіріңіз.
- Желілік ашаны розеткадан суырыңыз.
- Фритюр майы ұзақ суиды. Әрі қарай жұмыс істеу үшін май температурасы қауіпсіз шекке жеткенін тексеріп алыңыз.

Тазалау



ЕСКЕРТУ:

- Тазалау алдында әрдайым ашаны розеткадан суырып, аспаптың сууын күтіңіз.
- Аспапты суға салмаңыз! Себебі электр тоғы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Сым шеткаларды немесе қажайтын жабыны бар құралдарды пайдаланбаңыз.
- Басқа қышқылдық және қажайтын жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Қуырма ыдыс қақпағын шешіп алып тазалаған жеңілірек.
- Құрылғының сырт жағындағы конденсат табандығын алып шығып, оны босатыңыз. Осыдан кейін табандықты орнына орнатыңыз.
- Пайдаланылған майды төгіңіз.
- Май жинайтын контейнерді, қақпақты және корпусы ылғал матамен және ыдыс жуатын құралмен тазалаңыз.

- Өнім салатын себетті әдеттегідей жуу құралын қосып жуа беруге болады.
- Құрылғыны қайта пайдаланбас бұрын немесе оны сақтап қоймас бұрын барлық компоненттері толық кепкенін тексеріп алыңыз.

Түтін сүзгісін ауыстыру

Қақпақтағы сүзгіні айырбастауға болады.

- Сүзгі қақпағын (3) шығарып алыңыз.
- Сүзгіні ауыстырыңыз.
- Сүзгіні ауыстырған соң қорапты орнына бекітіп қойыңыз.

І ЕСКЕРТПЕ:

Сүзгілер таусылса, әмбебап сүзгілерді пайдаланыңыз, мысалы ауа тартқыш асүйлік желдеткіштің өлшемге сай кесілген сүзгілері.

техникалық деректер

Моделі:.....FR 3390
 Электр қуат көзі:.....230 В, 50 Гц
 Тұтынатын қуаты:.....1800Вт
 Қорғаныс сыныбы:.....I
 Сыйымдылығы:макс. 2 литр
 Таза салмағы:2,45 кг

Техникалық өзгерістер енгізу құқығын сақтап қаламыз!

СЕ директивасында ұйғарылған осы бұйым барлық қажетті және соңғы тексерістерден өтті. Мысалы, электромагниттік үйлесімдік және төмен вольтті техникаларға сәйкестік, сонымен қатар ол қауіпсіздік техникасының соңғы талаптарына сәйкес құрастырылып жасалған.

Кепілдік талоны

FR 3390

Кепілдік мәлімделген кепілдік қағидаларына сәйкес 24 ай

Сатып алынған күні. Сатушының мөртаңбасы. Қолы



D-47906 Kempen/Germany · Industriering Ost 40

Internet: <http://www.clatronic.de> · email: info@clatronic.de